 <p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3-деңгейлі СМЖ құжаты</p>	<p>2025 жылғы «_21_» _01_ №3 редакция</p>	<p>Е 029-05-14-02.8.01-2025</p>

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру  
және білім алушыларды материалдық ынталандыру  
(көтермелеу) жөніндегі  
ЕРЕЖЕСІ**

**Е 029-05-14-02.8.01 – 2025**

Алматы 2025

## АЛҒЫСӨЗ

І «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
КЕАҚ Жастар ісі және спорт департаментінің әлеуметтік жұмыс бөлімінде  
ӘЗІРЛЕНДІ

Әлеуметтік жұмыс бөлімінің бастығы  
« 06 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

 Ж. Ибрагимова

## КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі – Халықаралық  
ынтымақтастық және стратегиялық даму  
жөніндегі бірінші проректор  
« 10 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Басқарма мүшесі – Әкімшілік,  
әлеуметтік және тәрбие жұмысы  
жөніндегі проректор  
« 15 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Басқарма мүшесі – Ғылым және  
корпоративтік даму жөніндегі проректор  
« 14 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Академиялық басқару  
жөніндегі Vice-provost  
« 13 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Қаржы және есеп департаментінің  
директоры – бас бухгалтер  
« 14 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Жастар ісі және спорт  
департаментінің директоры  
« 09 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Заңгерлік қамтамасыз ету және  
мемлекеттік сатып алу басқармасы  
бастығының міндетін атқарушы  
« 10 » 01 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

 С. Ермекбаев  
 С. Шалабаев  
 Е. Көлдеев

 Н. Қызылбаев

 Г.Токжігітова

 Ә.Төлепберген

 Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің  
бастығы

« 10 » 01 2025 ж.

 А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және  
мемлекеттік тілді дамыту  
бөлімінің бастығы

« 09 » 01 2025 ж.

 Ж.Орақбаева

Ғылыми кеңестің 2025 жылғы « 21 » 01 № 7 шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

2024 жылғы 22 қаңтардағы №2 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер	5
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Терминдер мен анықтамалар	6
4	Білім алушыларға жеңілдіктер беру процедурасы	7
5	Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары	8
6	Қорытынды ережелер	9
	Қосымшалар	11
	Өзгерістерді тіркеу парағы	22

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру және білім алушыларды материалдық ынталандыру (көтермелеу) жөніндегі ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қ.И.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) өз қаражаты есебінен білім алушылардың мақсаттарын, негізгі міндеттерін, санаттарын және білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру критерийлерін айқындайды.

## 2 Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
- ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 «Жоғары білім беру ақысын төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы (2021 жылғы 06 тамыздағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Халықтың аз қамтылған және әлеуметтік осал топтарынан білім алушыларға материалдық және қаржылық көмек көрсету туралы» қаулысы;
- ISO 9001:2015 ХС «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар»;
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысы;
- ҚазҰТЗУ-дың ішкі нормативтік құжаттары;
- Осы Ереже.

### 3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы ереженің мақсаттары үшін төменде аталған терминдер мен анықтамалардың келесідей мағынасы болады:

- **Университет гранты** – өтеусіз негізде оқу құқығы. Университет гранты оқу ақысының толық төлемін жабады және білім алушыларға бүкіл оқу кезеңінде тиісті білім беру бағдарламаларын игеруді ынталандыру және/немесе қолдау мақсатында тағайындалады;

- **СУ әмбебап сертификаты** – Университет гранты бойынша оқу немесе ай сайын ерекше еңбегі мен жетістіктері үшін 10 АЕК мөлшерінде стипендия алу құқығы. Осы сертификаттың иегерлері мемлекеттік білім беру гранты негізінде түсу кезінде белгіленген мөлшерде стипендия алады.

- **жеңілдік** – осы Ережеде белгіленген білім беру бағдарламаларына ақы төлеудің төмендеуінің пайыздық көрінісі;

- **материалдық жағдай** – жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы, олардың мөлшері; мүліктің болуы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, отбасының басқа мүшелерінен материалдық көмек алу немесе алмау;

- **көп балалы отбасы** - төрт және одан да көп бірге тұратын (уақытша жоқтарды қоса алғанда) кәмелетке толмаған балалары бар отбасы;

- **аз қамтылған азаматтар (отбасылар)** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін атаулы әлеуметтік көмекке және (немесе) ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар еңбекке қабілетті жастағы жеке тұлғалар;

- **студент** – «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алушы;

- **жетім студент** – ата-анасының екеуі де немесе біреуі қайтыс болған студент;

- **ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студент** – ата-анасының ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе одан айырылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының бала тәрбиелеуден немесе оны қорғаудан жалтаруына байланысты жалғыз немесе екі ата-анасыз қалған студент құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде ата-анасының баласын тәрбие немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартуы кезінде, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығы болмаған өзге де жағдайларда;

- **алыс шетелдерден келген шетел азаматтары** – өкілдері ҚазҰТЗУ-да аз немесе жоқ шет мемлекеттерден келген шетел азаматтары;

- **магистрант** – «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-да магистратура бағдарламасы бойынша білім алушы;

- **докторант** – «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-да докторантура бағдарламасы бойынша білім алушы;
- **қызметкер** – «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ жұмыскері.

#### **4 Білім алушыларға жеңілдіктер беру процедурасы**

4.1 Білім алушылардың өтініштерін қарау үшін Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен Білім беру қызметтеріне гранттар мен жеңілдіктер беру және білім алушыларды материалдық ынталандыру (көтермелеу) жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады және бекітіледі. Бұйрық жобасын Жастар ісі және спорт департаменті енгізеді. Комиссия құрамына төраға, хатшы және Комиссия мүшелері кіреді.

4.2 Комиссияны төраға – оның қызметін ұйымдастыруға жетекшілік ететін және Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болатын Басқарма мүшесі – Әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор басқарады.

Басқарма мүшесі – Әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор болмаған жағдайда, оның міндеттерін ҚазҰТЗУ Басқармасының ауыспалы мүшесі орындайды.

4.3 Комиссия құрамын өзгерту Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- Басқарма төрағасы - Ректордың шешімі бойынша;
- Комиссияның шешімі бойынша;
- Комиссия мүшесі болып табылатын жұмыскер жұмыстан босатылған кезде;
- Комиссия мүшесінің өз бастамасы бойынша (өкілеттіктерді қосу).

4.4 Комиссия мүшелері:

- Комиссия отырыстарына қатысуға және күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беруге;

- Комиссия отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда, бұл туралы Комиссия хатшысын алдын ала хабарлауға;

- жұмыскерлердің дербес деректеріне қатысты құпиялылықты сақтауға, Комиссия отырыстарында қаралатын мәселелер және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты жұмыскерлерге және өзге де тұлғаларға жария етпеуге;

- өз көзқарасын білдіруге және оны дауыс беруге қоюға құқылы.

4.5 Комиссия төрағасы:

- Комиссия мүшелерін Комиссияның мақсаттары мен міндеттері, олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы хабардар етеді;

- Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы Ереженің талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

- Комиссия отырыстарын шақырады;

- Комиссия отырыстарына төрағалық етеді;

- отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

- Комиссия атынан шығатын құжаттарға қол қояды;
- Комиссия ұстанымымен таныстырады және Басқарма төрағасы - Университет ректоры алдында есеп береді.

#### 4.6 Комиссия хатшысы:

- Комиссияның қарауына ұсынылған мәселелер бойынша отырыстарды ұйымдастырушылық дайындауды, студенттер мен жұмыскерлердің жеке өтініштерін, баянаттар мен өзге де құжаттарды жинауды, есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады;

- Комиссия мүшелеріне отырыстың өткізілетін күні, уақыты, орны және күн тәртібіне енгізілген мәселелер туралы хабарлайды;

- Комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді.

4.7 отырыста Комиссия хатшысы болмаған жағдайда, отырыс хаттамасын жүргізу Төрағаның шешімі бойынша Комиссия мүшелерінің біріне тапсырылуы мүмкін.

#### 4.8 Комиссия жұмысы:

- өзіне жүктелген функцияларды тиісті деңгейде орындамағаны үшін Комиссия Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларынан күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға құқылы;

- Комиссияның ұсыныстары мен шешімдері хаттамамен ресімделеді;

Хаттамаға Комиссия төрағасы мен хатшы қол қояды. Хаттама Комиссия хатшысында сақталады;

- әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдау Комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

- Комиссияның күн тәртібін оның төрағасы бекітеді.

## 5 Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

5.1 Комиссияның негізгі мақсаты білім алушылардың білім беру қызметін ынталандыру, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балаларды, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды (көп балалы отбасылар, мүгедек ата-аналар және т.б.) әлеуметтік қолдау болып табылады.

5.2 Комиссияның негізгі міндеті білім алушыларға олардың үлгерімі, материалдық жағдайы және әлеуметтік мәртебесі негізінде білім беру қызметтеріне жеңілдіктер беру болып табылады.

5.3 Комиссия келесі функцияларды орындайды:

- бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына түсетін талапкерлердің жекелеген санаттары үшін Университет гранттарын ұсынады (1-қосымша);



- Университетте оқитын жекелеген санаттар үшін білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдіктер белгілейді;
- Университетте оқитын жекелеген санаттар үшін олардың үлгерімі мен әлеуметтік мәртебесі негізінде білім беру қызметтерінің жылдық құнына жеңілдіктер белгілейді (2-3-қосымша);
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы адамдар үшін қосымша (жазғы) семестрде білім алушыларға білім беру қызметтеріне жеңілдік белгілейді (4-қосымша);
- білім алушыларды моральдық және материалдық ынталандыру (көтермелеу) (5-қосымша).

## **6 Қорытынды ережелер**

6.1 Осы ереженің орындалуын бақылау функциясы Комиссия төрағасына жүктеледі, ол оны Университеттің бағынысты жұмыскерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, оның орындалуын бақылауды және Ереженің уақтылы өзектендірілуін қамтамасыз етеді.

6.2 Студент, Университет және ұйым (кәсіпорын) арасында кәсіпорындардың білім беру қызметтеріне ақы төлеу туралы 3 тарап шарты жасалған жағдайда, жасалған шарттың қолданылу кезеңінде жеңілдіктер мен гранттар берілмейді (жеңілдік немесе грант беру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізілмей).

6.3 Жоғары білім алу процесінде мемлекеттік білім беру гранттарын алған студенттерге бұрын берілген гранттар мен жеңілдіктер автоматты түрде жойылады (жеңілдік немесе грант беру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізілмей).

6.4 Үміткер бірнеше санатқа сәйкес келген жағдайда, ең жоғары мөлшері бар тек бір санат бойынша жеңілдік беріледі.

6.5 Комиссияның шешімі бойынша білім алушыларға берілген барлық жеңілдіктер ағымдағы оқу жылына қолданылады және олардың үлгерімінің нәтижелері бойынша қайта қаралуға жатады. Егер жеңілдік бір семестрге (күз/көктем) берілсе, жеңілдік ағымдағы оқу жылының бекітілген академиялық күнтізбесі негізінде қолданылады.

6.6 Академиялық берешек болған жағдайда пәндерді қайта оқу үшін жеңілдіктер білім алушылардың ешбір санатына берілмейді.

6.7 Жеңілдіктер күндізгі оқу нысанындағы бакалаврларды, магистрлер мен докторанттарды даярлаудың барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қолданылады.

6.8 «Сәулет» және «Дизайн» білім беру бағдарламаларына түсу үшін Университет грантын алған талапкерлерге міндетті түрде шығармашылық емтихан тапсыру қажет.

6.9 Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми кеңестің немесе университеттің өзге де уәкілетті лауазымды адамының шешімі негізінде жаңа

редакцияда ереже жасау не осы Ережеге қосымшалар түрінде өзгерістер (толықтырулар) ресімдеу жолымен енгізіледі және Университет жұмыскерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларының назарына жеткізіледі.

6.10 Осы ереже ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Университет басшысы немесе өзге де уәкілетті лауазымды тұлға белгіленген тәртіпте оның күші жойылған сәтке дейін қолданады.

6.11 Комиссия отырысы оқу жылында 2 рет, күзгі және көктемгі семестрлердің басында өткізіледі. Осылайша, күзгі семестрде жеңілдік бір оқу жылына, көктемгі семестрде ағымдағы оқу жылының соңына дейін бір семестрге беріледі. Жекелеген жағдайларда Университет студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына оқу ақысы бойынша гранттар мен жеңілдіктер беру туралы шешім оқу жылы ішінде Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша қабылдануы мүмкін.

6.12 Грантқа немесе жеңілдікке үміткер білім алушылар Басқарма мүшесі – Ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректордың атына жеңілдіктің тиісті түрін беру туралы өтініш жазады. Растайтын құжаттары бар өтініштер әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлімге өңдеу үшін беріледі.

6.13 СУ әмбебап сертификатының иелеріне таңдау құқығы бір рет беріледі. Берілетін стипендия бір семестрге жарамды, сонымен қатар студенттің оқу үлгерімі мен жетістіктеріне байланысты қайта қаралады.

## 1-қосымша

**Бакалавриат/магистратура/докторантура бойынша Университеттің  
білім беру гранттарын беру қағидасы**

Категориясы	Гранттар саны	№ р/н	Талапкерлер мен білім алушылар санаты	Қажетті құжаттар
1. Бакалавриат	100	1.1	ҰБТ нәтижесі кемінде 100 балл болатын, «Алтын белгі» немесе «Үздік аттестат» сияқты ерекше үлгідегі аттестат иегерлері	«Алтын белгі», «Үздік аттестат» аттестаты ҰБТ сертификаты
		1.2	Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың және конкурстардың жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған)	Жүлделі орындар, дипломдар (соңғы 3 жылда)
		1.3	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалар және халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы мектеп түлектері	Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік
				Қамқоршылардың жоқтығы туралы анықтама
				Мүгедектік туралы анықтама
		1.4	Сәтбаев Университеті ұйымдастырған зияткерлік ойындардың, конкурстардың, стартап-жобалардың, турнирлердің және пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары	Жүлделі орындар, дипломдар, медальдар (жеке/командалық)
		1.5	Мемлекеттік мекемелер мен ірі компаниялар тарапынан ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі айтулы байқаулардың, фестивальдердің, турнирлердің, хакатондардың, макеатондардың жеңімпаздары	
		1.6	Спорттық жарыстардың жүлдегерлері (Азия, Еуропа және Әлем чемпионаттары)	
		1.7	Табиғи және техногендік сипаттағы оқиғалардан, төтенше жағдайлардан зардап шеккен адамдарға арналған квота	Жай-күйін растау туралы анықтама
1.8	Университеттің оң имиджін насихаттауға үлес қосқан студенттер (ерлігі, университеттің қоғамдық, ғылыми және мәдени өміріне белсенді қатысқаны үшін)	Ұсыныс, Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар		
		1.9	Ерекше дағдылары, жетістіктері, ғылыми жобалары, техникалық әзірлемелері, бизнес стартап жобалары үшін (грант немесе стипендия) Сәтбаев Университетінің әмбебап сертификатының иегерлері	Сертификаттар, дипломдар, патенттер, соңғы 3 жылдағы куәліктер

		1.10	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-мен жасалған келісімдер және/немесе меморандумдар негізінде білім беру ұйымдарының басшылары ұсынатын халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми конкурстар мен олимпиадаларда, спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер мен жетістіктерге қол жеткізген кандидатуралар	Ұсыныс хат, Сертификаттар, Дипломдар
<b>2. Магистратура/МВА</b>	10	2.1	ҚазҰТЗУ қызметкері, Ғылым саласындағы жетістіктері, GPA кемінде - 3.5 (бакалавриат/магистратура)	Ұсыныс
				Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар
				HR қызметінің анықтамасы
				Транскрипт
				Scopus-те индекстелген жарияланымдар
<b>3. Докторантура/ДВА</b>	5	3.1	ҚазҰТЗУ қызметкері, Ғылым саласындағы жетістіктер, GPA кемінде - 3.5 (магистратура/докторантура)	Ұсыныс
				Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар
				Q1, Q2-де индекстелген жарияланымдар
				HR қызметінің анықтамасы
				Транскрипт

### Ескертпелер:

1. Бакалавриат грантын алу үшін ҰБТ/КТ шекті балы - 65 балл; магистратура үшін - 75 балл.

2. Оқу семестрінің қорытындылары бойынша **1.1**-тармақшаның санаты бойынша GPA кемінде 3.0; **1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.10**-тармақшалардың санаты бойынша оқу жылының қорытындысы бойынша GPA кемінде 3.2.

Оқу үлгерімі бойынша осы талап сақталмаған жағдайда студент қайта алу құқығынсыз Университет грантынан айырылады. Университеттің әлеуметтік өміріне белсенді қатысатын студенттер үшін студенттік өзін-өзі басқару және институттың ұсынысы бойынша GPA шегі 2.8-ге дейін төмендетілуі мүмкін.

3. **1.8**-тармақшаның санаты бойынша грантты сақтауға қойылатын талаптар: курстан курсқа көшіру GPA балын жинау, оқу жылы ішінде қоғамдық, мәдени және ғылыми іс-шараларға белсенді қатысу.

4. **1.9**-тармақшаның санаты бойынша стипендияны сақтауға қойылатын талаптар: оқу семестрінің қорытындылары бойынша GPA 3.0 және одан жоғары, семестр ішінде қоғамдық, мәдени және ғылыми іс-шараларға белсенді қатысу.

5. **2.1, 3.1**-тармақшалар санаты бойынша грантты сақтауға қойылатын талаптар: оқу жылының қорытындысы бойынша GPA кемінде 3.5; жоғары рейтингтік журналдарда жарияланған мақалалары болуы, ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы.

## 2-қосымша

**Бакалавриат бойынша білім беру қызметіне жеңілдіктер беру қағидасы**

№ р/н	Санаты	Критерийлері	Қажетті құжаттар	Жеңілдік мөлшері
1	Ерекше үлгідегі «Алтын белгі» немесе «Үздік аттестат» иегерлері; Колледждің үздік түлектері	ҰБТ нәтижесі 80-нен 100 балға дейін	Студенттің өтініші	50%
			Үздік аттестат немесе «Алтын белгі»; Үздік диплом	
			Транскрипт	
2	Оқу озаттары	Үлгерім (GPA – 3.0 / және одан жоғары)	Студенттің өтініші	15%
			Транскрипт	
3	Жетім балалар қатарындағы студенттер	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	50%
			Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік	
			Транскрипт	
4	Денсаулық мүмкіндігі шектеулі студенттер (немесе отбасында мүгедектігі бар ата-аналар/балалар)	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	III топ – 15% II топ – 20% I топ – 25%
			Транскрипт	
			ДЕСК мүгедектігі туралы анықтама	
5	Көп балалы отбасы (18 жасқа дейінгі балалар немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттер)	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	4 бала – 20% 5 және одан көп бала – 30%
			Транскрипт	
			Барлық балалардың туу туралы куәліктері	
6	Толық емес отбасынан және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	25%
			Туу туралы куәлік	
			Ата-анасының біреуінің қайтыс болғаны туралы куәлік	
			Студенттің ата-анасының табысы туралы анықтама және басқа да растайтын құжаттар	
			Транскрипт	
7	Денсаулық мүмкіндігі шектеулі шетел азаматтары	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	50%
			Институт және Халықаралық	

	(мигранттар)		ынтымақтастық кеңсесінің қолдаухаты	
			Мүгедектігі туралы анықтама	
			Транскрипт	
8	Алыс шетелдерден келген шетел азаматтары	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	50%
			Бейрезиденттің ұлттық төлқұжаты	
			Институт және Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің қолдаухаты	
			Транскрипт	
9	Университет қызметкерлерінің балалары	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	Университеттің еншілес ұйымдары қызметкерлерінің балалары үшін және ҚазҰТЗУ штаттық қызметкерлерінің балалары үшін тиісінше жұмыс өтілі және жеңілдіктер мөлшері: 1 жылдан 3 жылға дейін – 10% және 20%; 3 жылдан 5 жылға дейін – 20% және 30%; 6 жылдан 9 жылға дейін – 30% және 40%; 9 жылдан жоғары – 40% және 50%
			Ата-аналардың өтініші	
			HR қызметінің анықтамасы	
			Транскрипт	
10	Қазақстан Республикасындағы шетел дипломаттарының балалары	Үлгерім (GPA – 2,5 және одан жоғары)	Студенттің өтініші	50%
			Туу туралы куәлігі	
			ҚР шетел консулдығы/елшілігінің өтініші/қолдаухаты	
11	Спорттық разряды бар спортшылар - ҚР спорт шебері, ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері		Студенттің өтініші	ҚР спорт шебері – 20% ҚР ХД спорт шебері – 30%
			ҚР СІШ, ХДСІШ куәлігі	
			Сертификаттар, дипломдар, медальдар	

12	«Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінің бағдарламасы бойынша талапкерлер	ҰБТ нәтижесі 100 балдан жоғары	Студенттің өтініші	20%
			ҰБТ сертификаты	
		ҰБТ нәтижесі 80-нен 100 балға дейін	Шоттың болуы туралы анықтама (Мемлекеттік білім берудің жинақтау жүйесі)	10%

### Ескертпелер:

1. **1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11**-тармақтардың санаттары бойынша жеңілдіктер алу үшін 1-семестрдің 1-курс студенттеріне GPA балына талаптар қойылмайды;

2. **1**-тармақ бойынша талап: оқу семестрінің қорытындысы бойынша GPA кемінде 3.0. Үлгерім бойынша талап сақталмаған жағдайда, студент осы санат бойынша жеңілдікті қайта алу құқығынан айырылады.

3. **9**-тармақ бойынша: қосалқы қызмет шарттарымен толық емес ставкада жұмыс істейтін қызметкерлердің балаларына көрсетілген жеңілдіктер қолданылмайды;

4. **11**-тармақ бойынша: оқу жылының қорытындысы бойынша GPA кемінде – 2.5, оқу жылы ішінде спорттық іс-шараларға белсенді түрде қатысу.

5. **12**-тармақ бойынша: курстан курсқа көшіру GPA балын жинаңыз.



## 3-қосымша

**Магистратура/МВА / доктарантура DBA  
бойынша білім беру қызметіне жеңілдіктер беру ережесі**

№ р/ н	Санаты	Критерийлері	Курсы	Қажетті құжаттар	Жеңілдік мөлшері	
1	Білім алушы	Оқудың бірінші жылының оқу ақысы 31 тамызға дейін толық төленген жағдайда	I	Өтініш Оқу ақысы төлемі бойынша түбіртек	10%	
		1.2 Спортшылар жеке және командалық біріншілікте республикалық және халықаралық жарыстардың бір диплом иегерлері мен жүлдегерлері	I-III	Өтініш	I орын – 20% II орын – 15% III орын – 10%	
				Дипломдар, медальдар,		
				Хаттамалар		
1.2.1 Екі немесе одан да көп диплом иегерлері мен жүлдегерлері		Республикалық деңгей – 50% Халықаралық деңгей – 100%				
2	Білім алушы	Университеттің оң имиджін насихаттауға үлес қосушы (ерлігі, университеттің қоғамдық, ғылыми және мәдени өміріне белсенді қатысқаны үшін)	I-III	Ұсыныс, Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар	100%	
3	Магистрант	3.1 ҚазҰТЗУ қызметкері  Үлгерімі $3.0 \leq GPA < 3.5$	I-II	Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар	Қызметкердің еңбек өтілінің өсуімен жеңілдік мөлшерінің ұлғаюы: 1-3 жыл – 30%; 4 және одан да көп жыл – 50%	
				HR қызметінің анықтамасы		
				Транскрипт		
		3.2 Университет қызметкерлерінің балалары  Үлгерімі $3.0 \leq GPA < 3.5$	I-II	Студенттің өтініші		Университеттің еншілес ұйымдары қызметкерлерінің балалары үшін және ҚазҰТЗУ штаттық қызметкерлерінің балалары үшін тиісінше жұмыс
				Ата-анасының өтініші		
				HR қызметінің анықтамасы		

				Транскрипт	өтілі және жеңілдіктер мөлшері: 1 жылдан 3 жылға дейін – 10% және 20%; 3 жылдан 5 жылға дейін – 20% және 30%; 6 жылдан 9 жылға дейін – 30% және 40%; 9 жылдан жоғары – 40% және 50%
4	Докторант	4.1 ҚазҰТЗУ қызметкері  Үлгерімі $3.0 \leq GPA < 3.5$	I-III	Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар  Жұмыс орнынан анықтама	Қызметкердің еңбек өтілінің өсуімен жеңілдік мөлшерін ұлғайту: 1-3 жыл – 30%; 4 және одан көп жыл – 50%
		4.2 Университеттің еншілес ұйымдары қызметкерлері үшін  Үлгерімі $3.0 \leq GPA < 3.5$		Дипломдар, Сертификаттар, Грамоталар  Жұмыс орнынан анықтама	
5	Алыс шетелдерден келген шетел азаматтары	Үлгерім (GPA - 2,5 және одан жоғары)	I-III	Бейрезиденттің ұлттық төлқұжаты	10-100%
				Институт және Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің қолдау хаты	
				Транскрипт	
6	Қазақстан Республикасындағы шетел дипломаттарының балалары	Үлгерім (GPA - 2,5 және одан жоғары)	I-III	Туу туралы куәлігі	10-100%
				ҚР шетел консулдығы/елшілігінің өтініші/қолдау хаты	
				Институт және Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің қолдау хаты	
				Транскрипт	

## 4-қосымша

**Қосымша (жазғы) семестрде және әскери кафедрада білім алушылардың білім беру қызметіне жеңілдіктер беру қағидасы**

№	Санаты	Критерийлері	Қажетті құжаттар	Жеңілдік мөлшері
1	Жетім балалар қатарындағы студенттер	Қосымша (жазғы) семестрде 6 кредит құнына	Студенттің өтініші Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік Транскрипт	100%

**Ескертпе:**


1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушыларға 1-оқу жылы ішінде пәндерді қайта оқу үшін 6 кредиттен аспайтын тегін өтеуге рұқсат етіледі (топтардың рентабельділігі қамтамасыз етілген жағдайда).

## 5-қосымша

### Білім алушылар мен қызметкерлерді материалдық ынталандыру (көтермелеу) қағидасы

№ р/н	Санаты	Критерийлері	Құжат		Ынталандыру түрі	
		мазмұны	Түрі	инстанциясы		
1	Қалалық, республикалық, халықаралық олимпиадаларды, жобалардың, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары	Конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, ғылыми жобаларға қатысуы (жеңімпаздар)	Ұсыныс	Институттардың, департаменттердің басшылары		
			Грамоталар, дипломдар, медальдар, хаттар	Ұйымдастыру комитеті		
				Қала		1 орын – 10 АЕК, 2 орын – 7 АЕК, 3 орын – 5 АЕК
				Республика		1 орын – 15 АЕК, 2 орын – 10 АЕК, 3 орын – 7 АЕК
Халықаралық деңгей	1 орын – 20 АЕК, 2 орын – 15 АЕК, 3 орын – 10 АЕК					
2	Штаттық қызметкерлер мен білім алушылар	Көп сайыстың 4 түрі бойынша Президенттік тест тапсырғандар	Дипломдар, хаттамалар	Президенттік деңгей	Білім алушыларға – 20 АЕК, ПОҚ және қызметкерлерге - 30 АЕК	
				Ұлттық деңгей	Білім алушыларға – 10 - АЕК, ПОҚ және қызметкерлерге - 20 АЕК	
3	Еріктілер	1 оқу жылында халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі іс-шараларға 2 және одан да көп рет қатысуы	Ұйымнан ұсыныс	Халықаралық деңгей	20 АЕК	
			Алғыс хаттар	Республикалық деңгей	10 АЕК	

Блок – схема



## Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні және нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы